

2023-2024 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 185 қаулысы

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2023-2024 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін оның Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Түркістан облысы әкімінің орынбасары Б.Д. Тәжібаевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Д. Сатыбалды

Түркістан облысы
әкімдігінің 2023 жылғы
31 тамыздағы
№ 185 қаулысына
қосымша

Резидентура 2023-2024 оқу жылына жоғары оқу орнынан кейінгі (резидентура) білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет есебінен)

				Жылына 1 Резидент дәрігерді оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге) күндізгі оқу
--	--	--	--	---

№	Дайындық бағыттарының коды және жіктелуі	Білім беру топтары бағдарламаларының атауы және коды	2023-2024 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (орындар саны)	ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары	жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің басқа да ұйымдары
7R01 Денсаулық сақтау (медицина)					
1	7 R 0 1 1 Денсаулық сақтау	R 0 3 2 Акушерство и гинекология ересектердің, балалардың	6	1939900	1398900
		R 0 0 1 Кардиология ересектердің, балалардың	6	1939900	1398900
		R 0 1 7 Анестезиология и реаниматология ересектердің, балалардың	20	1939900	1398900
		R 0 2 7 Офтальмология ересектердің, балалардың	10	1939900	1398900
		R 0 2 8 Оториноларингология ересектердің, балалардың	4	1939900	1398900
		R 0 2 5 Травматология-ортопедия ересектердің, балалардың	5	1939900	1398900
		R 0 0 3 Аллергология и иммунология ересектердің, балалардың	1	1939900	1398900
		R 0 1 9 Ангиохирургия	1	1939900	1398900

	ересектердің, балалардың			
	R 0 0 8 Эндокринология ересектердің, балалардың	2	1939900	1398900
	R024 Онкология ересектердің	3	1939900	1398900
	R 0 2 0 Нейрохирургия ересектердің, балалардың	2	1939900	1398900
Барлығы		60	-	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК